«Бекітемін»
Мектеп директоры __________ Б.М Нурсултанов

«Келісемін»
ДТЖО: __________ М.Қ Ильясова

# Теректі мектеп-балабақшасы бойынша

# «Өзін-өзі басқару» ұйымының

# жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылы

## «Өзін-өзі басқару ұйымы»

- *Балалар мен жасөспірімдердің және үлкендердің жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыттаған, мүшелерінің қызығушылықтарын, құқықтарын қорғайтын,өз бетімен ерікті, қоғамдық бірлестік*

***Өзін-өзі басқару ұйымының атқаратын жұмыстары:***

- *Интелектуалды сайыстар өткізу;*
- *Мереке күндерін өткізу;*
- *Мектепішілік газет-журналдар шығару;*
- *Іс-шараларға жауапкершілікпен қатынасу;*
- *Мектеп өміріне атсалыса қатысу*

***Өзін-өзі басқару ұйымының қаулысы:***

***Әр министрлік жыл ішінде жүргізілетін және жүргізілген жұмыс түрлеріне есеп беріп отырады.***

*1.Ұйым үнпарағы ай сайын шығарылып, мектепішілік іс-шаралар талданып, баспасөз беттері арқылы таралуы керек.*

*2. Мектеп оқушыларының оқу үлгерімін жақсарту, күнделіктерінің уақытылы толтырылуын бақылау міндеттеліп, оны қатаң қадағалау* ***Білім министріне*** *жүктелсін.*

*3. Оқушылардың бой-бас тазалығы,оқу құралдары, сынып тазалығы, мектепке сай киім формасын үнемі бақылауда болуы* ***Денсаулық министріне*** *тапсырылсын.*

*4. Оқушылардың танымдық деңгейінің терең болуын қадағалап, соған орай мектепішілік іс-шаралар өткізу* ***Мәдениет министріне*** *тапсырылсын.*

*5.Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану, денсаулықтарын нығайту, спорт үйірмелеріне оқушыларды тарту* ***Спорт министріне*** *тапсырылсын.*

*6.Оқушылар арасына келеңсіз жағдайларды болдырмау,сабаққа қатысу-қатыспауын қадағалап отыру , мектепішілік тәртіпті бақылау* ***Тәртіп министріне*** *тапсырылсын.*

*7.Біріңғай талап ережелері 5-8 сынып оқушыларының барлығына міндетті деп саналсын және оқушылар ұйымының осы талаптарды қадағалау* ***Мектеп президентіне және Мектеп президенті көмекшісіне*** *тапсырылсын*

**Өзін –өзі басқару ұйымының**

**Мақсаты:**

Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, Білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет ғұрын, салт- санасын қастерлейтін, еңбекқор, да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін- өзі басқарту арқылы қалыптастыру.

**Міндеті:**

- Қазақстан Республикасындағы « Тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы мен Үздіксіз білім беру жүйесінің тәрбие тұжырамдамасына» сай жас жеткіншектерді елжандылыққа тәрбиелеу;

- Өзін- өзі басқару ұйымының бағдарламасы негізінде , сапалы білім, саналы тәрбиенің жан- жақты артуына оқушы, жастар ұйымының белсенділігі арттыру;

-ұйым белсенділерінің құқығын, міндетін, жауапкершілігін арттыру.

**Өзін –өзі басқару жұмысындағы құндылықтар:**

- *Адами ар –ожданы, иманжүзді азамат қалыптасу*
- *Отбасындағы жауапкершілік*
- *Отан, туған өлкеге құрмет*
- *Денсаулық, салауатты өмір*
- *Еңбек, экономика*
- *Білім , ғылым, өнер*
- *Мәдени мұра, құқық, тарих, шежіре*
- *Тіл шеберлігі, рухани байлық*
- *Достық, жолдастық*

**«Өзін-өзі басқару»ұйымының 2024-2025 оқу жылы бойынша жүргізілетін жұмыс жоспары**

| № | Өткізілетін шаралар. | Мазмұны. | Қатысушылар | Уақыты. | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерін сайлау | Өзін-өзі басқару мүшелерінің отырысы | Бағдарламамен танысу | Қыркүйек | ұйымдастырушы |
| 2 | «Спорт-денсаулық кепілі» | Көңілді эстафета | 5-9 сынып | Қыркүйек | спорт министрі |
| 3 | «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» | Тіл мерекесін өткізу. | 5-9 сынып | Қыркүйек | Тіл мұғалімдері мәдени министрі |
| 4 | «Ұстаз ұлағатты тұлға» | Мерекелік жиын. | 5-11 сынып | Қазан | ДТЖО, мектеп президенті мәдениет министр |
| 5 | «Қарты бар үй- қазына» | Қайырымдылық іс-шарасы | 5-10 сынып | Қазан | ДТЖО Тәлімгер |
| 6 | «Қамбаға толы алтын күз» | Мерекелік кеш | 1-10 сынып | Қазан | ДТЖО, мектеп президенті |
| 7 | «Қазақ елі менің-Отаным!» | Салтанатты жиын | 1-11 | Қазан | ДТЖО,Тәлімгер,мект президенті |
| 8 | Парламент отырысы | Жиналыс | 10-11сынып | Қараша | Тәлімгер,мектеп презид |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | «Коркейе бер, Қазақстан» | Өлендер кеші | 5-10сынып | Желтоксан | ДТЖО, мектеп президенті мәдениет министрі |
| 10 | Парламент отырысы | Дөңгелек үстел | 5-9 сынып | Желтоқсан | Тәлімгер мектеп президенті |
| 11 | Тәуелсіз елімнің нұрлы таңы» | Тарихи кеш | 1-9 сынып | Желтоқсан | ДТЖО, мектеп президенті мәдениет министрі |
| 12 | «Қош келдің, Жаңа жыл!» | Жаңа жыл кеші | 1-9 сынып | Желтоқсан | Сынып жетекшілер ДТЖО |
| 13 | «Қыста талай қызық бар» | сауықтыру ойындары | 5-9 сынып | Қаңтар | Тәлімгер, спорт министрі |
| 14 | «Білімділер додасы» | Интеллектуалдық ойын | 5-9 сынып | Қаңтар | Тәлімгер |
| 15 | «Ақиық ақын-Мұқағали» | Байқау | 1-9сынып | Ақпан | Кітапханашы, Тәлімгер |
| 16 | «Ана-өмір шуағы» | Концерттік бағдарлама | 1-9 сынып | Наурыз | ДТЖО Тәлімгер |
| 17 | «Армысың,әз Наурыз» | Мерекелік іс-шара | 1-11 сынып | Наурыз | Ұйым жетекшісі |
| 18 | Парламент отырысы | Дөңгелек үстел | 9-11 сынып | Наурыз | Тәлімгер,мектеп президенті |
| 19 | 12 сәуір-ғарышкерлер күні | Макеттер байқауы | 1-10 сынып | Сәуір | Ұйым жетекшісі |
| 20 | «Ақпыз,қара,сарымыз, ағайынбыз бәріміз» | Мерекелік шара | 1-4 сынып | Мамыр | Тәлімгер |
| 21 | «Желбіре, Жеңіс жалауы!» | Жеңіс күніне салтанатты жиын | 1-11 сынып | Мамыр | ДТЖО, тәлімгер |
| 22 | Парламент отырысы | Қорытынды жиналыс | 9-11 сынып | Мамыр | Тәлімгер,мектеп президенті |

**Аға тәлімгер:** **Койбагарова Л.А**